

МКҚК №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымы
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ХАТТАМА

Ақтөбе қ.

№1

«03» «09» 2021 ж.

Кеңес отырысының қатысушылары: 28 педагог

Күн тәртібі:

1. Барлық топтарда тәрбие-оқыту қызметін ұйымдастыру үшін негізгі нормативтік құқықтық құжаттармен таныстыру.

Әдіскер: Г.Б.Ұзақбай

2. Мектепке дейінгі ұйымдарда кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру

Медбике: Ғ.О.Тайшиева

Тыңдалды:

1-ші сұрақ бойынша әдіскер Г.Б.Ұзақбай: Мектепке дейінгі ұйымда барлық топтарда оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында педагогтар нормативтік құжаттарды негізге ала отырып жұмыстануы тиіс. Балабақшада қызмет ететін әрбір педагог төменде аталған нормативтік құжаттарды жақсы меңгеріп, оқыту тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға міндетті.

- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.*)
- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 ж. №604 бұйрығына өзгеріс енгізіліп 05.05.2020 ж. № 182 қаулысымен бекітілген*)
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығына өзгерістер енгізіліп 12.05.2020 ж. №195 бұйрығымен бекітілген*)
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізіліп 14.10.2022 № 422 қаулысымен бекітілген*)

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі-Стандарт); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) сәйкес жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы болып табылады, яғни Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді.

Үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптар негізінде тәрбиешілер және басқа да педагогтер (қазақ тілі мен орыс тілі мұғалімі, музыкалық жетекші, дене шынықтыру бойынша нұсқаушы және т.б.) құрастырады.

Жоспарланатын өтпелі тақырыптар, олардың бірізділігі мен саны Педагогикалық кеңесте қарастырылып бекітілген 9 тақырыпқа сәйкес болуы тиіс.

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындауды қарастырады.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог Перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырады.

Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған оқу қызметін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптарын Перспективалық жоспарға сәйкес анықтау;
- өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтау;
- Бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық дамытушы ортаны қалыптастыру.

2-ші сұрақ бойынша медбике Г.О.Тайшиева: еліміздегі соңғы орын алған жағдайға байланысты балабақшаларда кезекші топтардың ашылғаны барлығымызға белгілі. Осы бойынша тоқталып өткім келіп тұр бүгінгі әдістемелік кеңесте.

Кезекші топтардың жұмысы ата-аналардың өтініштері негізінде санитариялық талаптарды қатаң сақтаған кезде жүзеге асырылады. Өтініштер электрондық нысанда қолжетімді құралдар арқылы қабылданады. Ата-

аналардың өтініштері негізінде толымдылығы 15 балаға дейінгі кезекші топтар құрылады.

Кезекші топтардағы тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі ұйымның бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Балабақшада күн сайын медицина қызметкері кезекші топтардың балалары мен балабақшаның барлық қызметкерлерін таңертеңгі филтрден өткізеді. Ауру белгілері анықталған жағдайда қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді. Ауру белгілері анықталған жағдайда балалар ата-аналарымен бірге үйлеріне жіберіледі.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері мектепке дейінгі ұйымның сыртқы есіктеріне дейін балаларды ертіп келеді. Тәрбиеші балаларды кіреберісте қарсы алып, топқа апарады.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілер мен педагогтердің, басқа да қызметкерлердің қарым-қатынас жасауын қысқартуға кеңес беремін. Сонымен қатар әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін ойын алаңдарын барынша пайдаланыңыздар. Тәрбиешілер балалардың дене қызуын күн сайын таңертең және ұйқыда ояңған соң өлшеуі тиіс. Әр сабақтан кейін топтарда, дәліздерде, холлдарда және басқа да үй-жайларда ылғалды тазалау, қосқыштарды, есік тұтқаларын, таяныштарды, баспалдақ марштарын, терезе алдын дезинфекциялау қажет. Балалардың кіруі мен шығуы үшін балабақшаның әр жас тобындағы жеке кіру және шығу жолдары қамтамасыз етілетін болады. Тамақтану режимі, ұйымдастырылған оқу қызметі, ұйқы, демалу, ойын іс-әрекеті күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады. Күн тәртібі аяқталғаннан кейін ата-аналар балаларды алып кетеді, тәрбиеші баланы сыртқы есікке дейін ертіп барады.

Алдағы уақытта Санитариялық-эпидемиологиялық жағдай тұрақты жақсарған кезде санитариялық талаптарды қатаң сақтай отырып, мектепке дейінгі ұйымның штаттық режимде жұмыс істеуіне біртіндеп көшуі жүзеге асырылады.

Әдістемелік кеңес отырысының қорытындысы бойынша:

1. Барлық топтарда оқыту және тәрбиелеу жұмыстары нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылсын.
2. Санитариялық талаптарды сақтай отырып, кезекші топтарда оқу-тәрбиелеу қызметтері ұйымдастырылсын.

МКҚК №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымы
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ХАТТАМА

Ақтөбе қ.

№2

«24» «09» 2021 ж.

Кеңес отырысының қатысушылары: 28 педагог

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделімен» таныстыру.

Әдіскер: Г.Б.Ұзақбай

2. Дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін өзгерту (Модельдің 22-35 т.)

Тәрбиеші: Г.Р.Дүйсенқұлова

Тыңдалды:

1-ші сұрақ бойынша әдіскер Г.Б.Ұзақбай: Қайырлы күн педагогтер, бүгінгі дөңгелек үстелде біз біздермен бірге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделімен» танысатын боламыз. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі басым бағыттары айқындалған. Жоғарыда аталған құжатқа сүйенетін болсақ балабақшада әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құра білуіміз керек; Балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды жүзеге асыру керек. Сонымен қатар баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану тиіс әр педагог. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруда педагогтың маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруіміз қажет (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы). Және де әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жағын қарастыруымыз қажет балабақшада.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсатына сәйкес келесі күтілетін нәтижелерге жету ұсынылды: (слайд презентация)

1) мектепке дейінгі ұйым деңгейінде:

– мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге

құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға; вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалануға; баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар, инклюзивті дамытушы орта құруға; ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруға; отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейтуге; ерте жастағы балалар үшін жағдай жасауға;

2) балаларға:

– физикалық аман-саулықты; әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілікті; когнитивтік және қарым-қатынас дағдыларын дамытуды; таным мен зерттеуге деген жоғары ішкі мотивацияны дамытуды; бастамашылықты, дербестікті және жауапкершілікті дамытуды; өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсетуді; өз бетінше саналы таңдау жасай білуді; командада жұмыс істей білуді; сын тұрғысынан ойлауды дамытуды; креативтілікті қолдауды; психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етуге;

3) ата-аналарға:

– білім беру процесінің қатысушылары болуға; баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге; баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға; көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін арттыруға; үйде баланың толық дамуы үшін жағдай жасауда консультациялық көмек алуға мүмкіндік береді.

2-ші сұрақ бойынша тәрбиеші Г.Р.Дүйсенқұлова: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің 3 тарауының 22-35 тармақтарында көрсетілгендей, Педагогтің міндеті – ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың қызығушылықтарын ескеріп, әр баламен сөйлесу керек. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау қажет.

Балаларды оқытуда оларды шаршатпай, баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, бала үшін қызықты ойын түрінде өткізуіміз қажет.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің басынан бастап соңына дейін алдын-ала жоспарланған ойын түрімен өткізуге немесе ойынды өткен материалды бекітуге қолдануға да болады. Ол үшін тәрбиеші ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбына сәйкес ойынды алдын-ала таңдауға немесе өз бетінше құруға, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, оны түрлендіруіне болады.

Сондай-ақ, ҰОҚ-ін үнемі тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, ойын алаңында, сонымен бірге балалар үшін жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекет түрі ретінде балалардың оқуына және жан-жақты когнитивті, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына оң әсер етеді. Оның түрлері көп, ол балалар үшін көңілді және белсенді әрекет, сипаты бойынша жан-жақты, әлемді тану мен баланы оқытудың жетекші әрекеті және негізгі тәсілі болып табылады. Ойын

барысында педагогтер балалардың өз тәжірибелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретеді, сондай-ақ өмірлік маңызды дағдыларды дамытады.

Әдістемелік кеңес отырысының қорытындысы бойынша:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу процесін жоспарлауда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» басшылыққа алынып, жүзеге асырылсын.
2. Балаларды оқытуда Ойын іс-әрекетін оқыту тәсілі ретінде тиімді қолдану.

№39 «Достық» МДҰ-ның әдіскері Г.Б.Ұзақбай

**Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №3**

**Күні: 27 қаңтар 2022 жыл Қатысқаны: 26
Қатыспағаны: -0**

Тақырыбы: Театр түрлері арқылы балаларды дамыту.

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

Күн тәртібінде:

- | | |
|--|---------------------------|
| 1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | әдіскер-
Г.Б.Ұзақбай |
| 2. Мектепке дейінгі жастағы балаларды театр түрлері арқылы шығармашылық жеке тұлғалық қабілеттерін жан-жақты дамыту, тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіру. | Тәрбиеші-
А.С.Кабулова |
| 3. Баланың әлеуметтік және эмоцияналдық дамуына жағдай жасап, баланың жеке шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. | Н.М.Ажмуратова |
| 4. Ағымдағы мәселелер. | әдіскер-
Г.Б.Ұзақбай |

1.Тыңдалды: №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйледі: Әдіскер Г.Б.Ұзақбай Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу процесін жоспарлауда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» басшылыққа алынып, жүзеге асырылуда. Балаларды оқытуда Ойын іс-әрекетін оқыту тәсілі ретінде тиімді қолдану бағытында жас мамандарға кеңестер уақытылы беріліп, тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, мерекелік шараларда жаңа технология элементтерін тиімді қолданып жүр. Педагогтар әлі де толықтырып, жандандыру қажет. Бұл тәрбиеленушілердің тапсырманы толық меңгеруіне көмектеседі,-деді.

Шешім: Өткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

2.Тыңдалды: Мектепке дейінгі жастағы балаларды театр түрлері арқылы шығармашылық жеке тұлғалық қабілеттерін жан-жақты дамыту, тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіру.

Сөйледі: тәрбиеші КА.С.Кабулова мектепке дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш ұмытылмас әсер сыйлайды қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталғаны орынды. Театрлық ойын – мектепке дейінгі балалар ойының бірі бола отырып, адамгершілік мәндегі әдеби не фольклорлық шығармаларды түсіндіру және осы ойынға қатыстыру барысындағы әлеуметтендірудің тиімді құралы болып табылады. Бұл ойын ұжымдық сипатта болады және жағымды өзара әрекет тәсілдерін меңгеруге, достық, жолдастық сезімдерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

Театрлық ойындарда эмоциональдық дамуы жүзеге асады: балалар кейіпкердің сезімі, көңіл күйімен танысады, олардың сыртқы келбетін сипаттай отырып, себебін түсінеді.

Тіл дамыту үшін де (диалогты және монологты сөйлеуді қалыптастыру, көркем мәнерлі тілін жетілдіру) театрлық ойындардың маңызы зор.

Ақырында театрлық ойындар баланың өзін танып көрсету және өз қабілетін іске асыру құралы болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелерде театрлық ойындар мерекелерде ең бастысы «көрініс» ретінде пайдаланылады. Жақсы нәтижеге жету үшін жеке не ұжымдық дайындықтарды педагогтар балалармен бірге мәтінді ғана емес, дауыс екпінін және қимыл- қозғалысты жаттауға мәжбүр болады. Баланы «жақсы әртіс» болуға үйренеді.

Театрланған ойын түрлеріне тоқтала кететін болсам:

1. Драматизациялық ойын. Бұл ойында бала – артист, интонация, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған сахналық қойылымда бала ойын – драматизациясында кез келген бір сюжетте ойнайды. Ойын драматизациясы көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады.

Драматизация түрлері:

- Жануарлар, адамдар, ертегілер бейнесіндегі кейіпкерлер ойыны;
- Мәтін бойынша негізделген диалог, монолог, рөлдік ойындар;
- Шығармашылық көрсетілім;
- Бір немесе бірнеше шығарма арқылы қойылым қою.

Драматизация ойынының 2 түрі. Саусақ ойын драматизациясы. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді. Саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді. **Сондай-ақ, саусақ драматизациясының мынадай қасиеттері бар:**

- қол жетімді, қолданысқа жеңіл, ыңғайлы.

- кейіпкерлердің фигуралары саусаққа киіледі.

- балалардың ұсақ қол моторикасын, тіл байлығын, назарларының тұрақтылығын, есте сақтау қабілеттерін дамытады;

- кеңістікте бағдарлау туралы түсініктерін қалыптастырып, ептілікке, қимыл қозғалыс еркіндігіне баулиды; бас ми қабығының тонусын көтеріп, жұмысқа қабілеттілігін көтереді;

2. Режиссерлық ойындар. Режиссерлық ойында балалар әрекет етуші бейне болмайды, өзі режиссер және сахна қоюшы ролінде ойнайды, ойыншықтардың орынында болады. Мұнда бала қозғалмайтын пішіндер және ойыншықтармен әрекет етеді, сондықтан ойында интонация мен мимика ерекше орын алады. Ары қарай режиссерлық үлгідегі сан алуан театр түрлеріне қысқаша шолу жасайық.

- **Ойыншықтар театры.** Бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнайды. Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтар – **марионеткалар** қолданылады. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігігіндей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде киеді. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып **үш бұрышты орамалды** алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойынына ілінеді. Бұл қуыршақтардың көмегімен балалар ән , би , ойын көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.
- **Үстел үсті театры.** Сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үсті театрының түрлері ең көп нұсқалы десек болады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер- театр»; магнит театры; «мачалка театр»; үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады (олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды);
- **Фланелеграф театры** - суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.
- **Трафарет театры** -Трафарет театры арқылы сөз құрамының байлығын, диалог, монологты дамытуға болады. Балалар дайын трафареттердің көмегімен болашақ кейіпкерлердің суреттерін жасайды. Оларды түрлі-түсті бояулармен бояйды, дайын бейнелерді қайшымен қияды. Бұл жерде балалардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды. Ұжымдасып жұмыс

істеу үрдісінде әрбір бала өзіне берілген бейненің түр-тұлғасын, қимыл-қозғалысын өзгерте алады.

- **Көлеңкелі театр** - жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрының қойылымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрының сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою-өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жұқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Театрландырылған ойынды дамытудың негізгі бағыттары:

Жасы кіші мектеп жасына дейінгі балалармен- баланың театрландырылған қойылымды ересек адамның орындауын бақылаудан біртіндеп дербес ойындық қызметке көшуінен; жеке және «қатар ойнаудан» рөл ойнайтын 3-5 құрдасынан тұратын топта ойнауға; фольклорлық және әдеби кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне еліктеуден кейіпкердің негізгі эмоцияларын беруді және ойын- драмалауда қарапайым «үлгілік» бейнені жасау ретінде рөлді игерудің үйлесіміндегі еліктеуге дейін өтуден тұрады.

Орта жастағы мектеп жасына дейінгі балалармен– баланың «өзі үшін» ойынынан көрерменге бағдарланған ойынға қарай біртіндеп өтуден; ең бастысы үрдісті де, нәтиже де маңызды болатын ойынға; тақылеттес («параллель») рөлдерді орындайтын құрдастарының шағын тобындағы ойыннан рөлдік позициялары әр түрлі (тең құқықты, бағыну, басқару) 5-7 құрдасының тобындағы ойынға; ойын-драмалауда жай «үлгілік» бейнені жасаудан кейіпкердің эмоциялары, көңіл- күйі, жағдайы, олардың алмасуы үйлесетін біртұтас бейнені жасауға дейін өтуден тұрады.

Жасы үлкен мектеп жасына дейінгі балалармен – баланың бір әдеби немесе фольклорлық мәтін бойынша ойынынан баланың сюжетті еркін құруы түсінілетін ойынға біртіндеп өтуден, онда әдеби негіз оны баланың еркін түсіндірмелеуімен үйлеседі немесе бірнеше туынды біріктіріледі; кейіпкер ерекшеліктерін беру үшін көркемдік құралдар пайдаланылатын ойыннан кейіпкер бейнесі арқылы өзін-өзі білдіру құралы ретіндегі ойынға; орталық «артист» болып табылатын ойыннан «артист», «режиссер», «сценарийші», «безендіруші», «киімші» позициялары болатын кешен ұсынылатын ойынға, алайда бұл кезде әрбір баланың қалауы жеке қабілеттіктері мен қызығушылықтарына байланысты оладың біреуіне түседі; театрландырылған ойыннан жеке тұлғаның өзін- өзі көрсетуі мен қабілеттіліктерін іске асыру құралы ретінде театрлық- ойындық қызметке дейін өтуден тұрады.

Осылайша ұйымдастырылған жұмыс театрландырылған ойынның шығармашылықтың әралуан түрлерінде баланың өзін-өзі мүмкіндіктерін іске асыруына, құрдастарының тобында өзін-өзі бекітуге жағдай жасайтын болады. Ал МДҰ- дағы мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі ойын мен өнердің әр түрлерін

кіріктіру есебінен қызғылықты бола түседі, олар театрландырылған- ойындық қызметтен өз көрінісін табады.

Театр балалардың көркем қабілеттіліктерін жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады. Қалай десекте театр - балалар үшін мереке демалыс орны. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес.

Шешім: Барлық топтарда оқыту тәрбиелеу жұмыстарына театр түрлері қолданысқа енгізілсін.

3.Тыңдалды: Баланың әлеуметтік және эмоцияналдық дамуына жағдай жасап, баланың жеке шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Сөйледі: «Бұлақ» тобының тәрбиешісі Н.М.Ажмуратова театр арқылы баланың әлеуметтік және эмоцияналдық дамуына жағдай жасап, баланың жеке шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға болады. Балабақшадағы театр әрекеті – бұл баланың шығармашылық әлуетін ашуына, тұлғаның шығармашылық бағытын тәрбиелеуге жақсы мүмкіндік. Балалар айналадағы әлемде қызықты идеяларын байқап, олады іске асырып, өзіндік кейіпкердің көркем бейнесін жасауға үйренеді, оларда шығармашылық қиял, ассоциативтік ой, күнделікте ерекше сәттерді көруге білуі дамиды. Театрлық әрекеттің тәрбиелеу мүмкіндіктері кең. Онда қатыса, балалар айнала әлеммен барлық алуан бейне, бояу, дыбыс арқылы танысады, дұрыс білікті қойылған сұрақтар оларды ойлауға, талдауға, қорытынды жасауға мәжбүрлейді. Өзіндік айтулары, реплика, кейіпкерлердің бейнелілігінің жұмыс үрдісінде балалардың сөздік қоры білдірмей артырылады, тілдің дыбыстық мәдениеті, оның интонациялық құрылымы жетілдіреді. Онымен қатар, ұжымдық театрлық әрекеті баланың тұлғасына біртұтас әсеріне, әрекет жасауға бағытталған, оның барлық мүмкіндіктерін белсендіре отырып; барлық жүргізуші психикалық үрдісінің дербестік шығармашылық дамуына; тұлғаның өзін-өзі тану, өз ойын білдіруіне себеп болады; баланың әлеуметіне жағдай жасайды, онымен қатар оның бейімделу қабілетін күшейтеді, коммуникативтік ауып кетуін түзетеді; қанағатандыру, қуаныш, елеулілік сезімдерін сезінуге көмектеседі.

Шешім: Барлық топтарда заттық дамытушы орта жабдықталып, театр түрлерімен толықтырылсын. Біртұтас педагогикалық үрдісінде театрлық әрекеттің байланысын қамтамасыз етілсін.

4.Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер Г.Б.Ұзақбай алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қаңтар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және қаңтар, ақпан айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу парағын толтырып отыруларын айтты. Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына тыңғылықты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабақтастығы, ересек топ балаларының мектеп кітапханасына саяхатқа

баруы, оны дұрыс ұйымдастыру туралы айтып, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты.

№39 «Достық» МДҰ-ның әдіскері Г.Б.Ұзақбай

Әдістемелік кеңес №4

04 наурыз 2022 жыл

№	Қаралатын мәселелер	Өткізу формасы	Уақыты	Жауаптылар
наурыз №4 Әдістемелік кеңес тақырыбы: Бал-ата-ана –педагог үш жақты процес Жүргізілу түрі: семинар-практикум				
1.	№3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.			әдіскер- Г.Б.Ұзақбай
2.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын үйлесімдендіру, ізгілендіру			әдіскер- Г.Б.Ұзақбай
3	Педагогтер портфолиосын ресімдеу			Тәрбиеші- Г.Р.Дүйсенқұлова
4.	Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелігімен таныстыру			әдіскер- В.А.Чипегина
5.	Ағымдағы мәселелер.			әдіскер- Г.Б.Ұзақбай

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №4

Күні: 04 наурыз 2021 жыл

Қатысқаны: 25

Қатыспағаны: 3

Тақырыбы: Бал-ата-ана –педагог үш жақты процес

Жүргізілу түрі: семинар-практикум

Күн тәртібінде:

1.	№3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	әдіскер- Г.Б.Ұзақбай
2.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын үйлесімдендіру, ізгілендіру	әдіскер- Г.Б.Ұзақбай
3	Педагогтер портфолиосын ресімдеу	Тәрбиеші- Г.Р.Дүйсенқұлова
4.	Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелігімен таныстыру	әдіскер- В.А.Чипегина
5.	Ағымдағы мәселелер.	әдіскер- Г.Б.Ұзақбай

1.Тыңдалды: №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйледі: Әдіскер Г.Б.Ұзақбай мектепке дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың бағдарламасының және стандарт талаптарының орындалуы бойынша жұмыстар бақылауға алынып, балалардың сөздік қорын дамыту жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқаны анықталды.

Шешім: Өткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

2.Тыңдалды: Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын үйлесімдендіру, ізгілендіру

Сөйледі: Әдіскер Г.Б.Ұзақбай Отандық зерттеуші Р.М. Капралова сипаттаған отбасы қарым-қатынастарының негізгі типтерін қарастырып өтейік. (слайд презентация)

Бірінші тип – отбасында үйлесімді, келісімді, жоғары әлеуметтік бағыттағы қарым-қатынас. Отбасындағы қарам-қатынас қоғамымыздың принципіне сәйкес, тәрбиелеу саласының мақсаттары мен міндеттеріне жауап береді (жеке тұлғаны құрметтеу, **махаббат пен достық**, жылылық пен өзара қамқорлық, адал еңбек, өзара сыйластық және т.б.). Баланы тәрбиелеуде қоғамдық-саяси себеп, мақсатты бағыт, жүйелілік, нақты міндеттерді және балаға әсер етудің мәнін түсіну бар. Отбасының барлық мүшелері бір-біріне жоғары эмпатия білдіреді, яғни бір-біріне жаны ашу қабілеті.

Екінші тип – отбасында жоғары әлеуметтік бағыттағы, келісілген, реттелген қарым - қатынас. Олар жеке тұлғаның дұрыс әлеуметтік тәжірибесін, оның қоғамдық мәні

бар бағытын қалыптастыруға қажетті жағдайдың болуымен сипатталады. Қарым - қатынастар реттеледі, алайда кейде олардың атмосферасы отбасының жекелеген мүшелері үшін жайсыз болады. Баланы тәрбиелеуде ата-ананың бірінің шыдамдылығының, сыпайылығының жетіспеушілігі екінші ата-ананың жұмсақтығымен теңеседі. Мұндай жағдай балалармен қарым - қатынастағы, оларға қойылатын талаптарда қайшылықты көрсетеді. Мұндай отбасында, әдетте, келешек жоспарланған, ал күнделікті мәселелерді **шешуде біршама қобалжу**, жүйесіздік байқалады, бірақ түбінде олар да жойылады.

Үшінші тип – қарым-қатынастар тұрақсыз, ал жалпы алғанда қарым-қатынастар оң сипатта. Бұл оң және теріс отбасылық қарым - қатынастар арасындағы отбасылардың аралық тобы /шағын уақыттық келіспеушіліктерді атайды/. Бұл отбасында келіспеушілік болмаған кездерде өзара қадірлеу, сенім білдіру, бірінші және екінші типті отбасыларына таяу атмосфера орын алады.

Төртінші тип – отбасындағы қарым - қатынас реттелген, алайда әлеуметтік бағыты төмен. Қарым-қатынастардың бұл типіне әрекеттер мен іс-қимылдардың мешандық бағыты, тұтынушылық себептердің болуы, адамдарға деген қарым-қатынас нормаларының екі түрлілігі тән (отбасы мүшелеріне қамқорлықпен, жылылықпен қарау, ал бөтендерге суық қабақ көрсету, есеппен қана қарау). Мұндай отбасындағы балаларда құндылықтар бағдарының қарапайым өлшемі қалыптасады.

Бесінші тип – сырттай қарағанда қарым-қатынастар жағымды, реттелген, алайда отбасы мүшелерінің әлеуметтік бағытының төмен немесе қарама -қайшы болғандықтан, ішкі жағынан қарағанда жағымсыз. Сырттай жағымды болып көріну жұбайлардың «балалар үшін отбасын сақтау керек» деген келісімі **мен пікірінің әсерінен**, кейде қатал тәртіп, ұрып - соғу, қорқыту арқылы қолдау табады. Ата - аналар бала тәрбиесінен өздері алшақтайды, бір - бірімен дауласумен, балағаттаумен бір - бірінің беделін түсіреді. Балаларға қарау оларды тәрбиелеуге байланысты басты қамқорлықты ана - әйел атқарады. Отбасын сенімсіздік көңіл - күйі жайлайды.

Алтыншы тип- отбасында келіспеушілік қарым – қатынастар, әлеуметтік бағыт төмен немесе қарама - қайшылықты. Жағымсыздық жиі болатын келіспеушіліктерге, психологиялық үйлеспеушіліктерге, ерлі - зайыптының бірінің, ал өте сирек жағдайда екеуінің де ішімдікке салынуына байланысты болады. Отбасында бір - бірін сыйламау, сенімсіздік, өрескелдік, балағаттау орын алады. Отбасындағы ауыр жағдай бала тәрбиесіне теріс әсер етеді. Бақытсыз некеде (жұбайлардың пікірінше, «болмайтын неке») олар эмоционалдық жағынан тұрақсыз, қызба болады, бір-біріне **шектен тыс сын айтқыш**, бір - бірінен басымырақ түсуге тырысады, тұйық болады, адамдарға, өз жұбайына суық қарайды, сезікпен, сенімсіздікпен қарайды, өз сезімдерін, ойын, жоспарларын білдіргенде, тұйықтау келеді.

Қазіргі қоғам отбасының берік болғанын қалайды, отбасында өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу үшін оңтайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретін ұжымдық бастаманың болуын қалайды. Алайда екі нақты жас жұбайдың отбасы қандай болатыны тек олардың жеке қасиеттеріне, пікірлеріне, құндылықтар бағдарына байланысты болмақ. Жас жұбайлардың шағын ұжым ретінде отбасының даму келешегін түсінуі көп жағдайда олардың отбасы-ұжымының тиісті критерийлерін, психологиялық параметрлерін білуіне байланысты.

Қазіргі заман отбасының негізін махаббат бойынша туған неке одағы құрайды. Мұндай отбасында бала туғанға дейін ұжымды қалыптастырудың көптеген алғышарттары болады: қоғам мақсаттарымен сәйкес болатын бір мұрат-мақсатты тұту, өзара көмек және өзара рухани қарым - қатынас және рухани баю, жұбайлардың бірінің екіншісінің өндірістік және қоғамдық қызмет атқаруына мүдделі болуы, ұжымдық бағалау ой-пікірлері; мұндайда отбасы рухани құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа беріп қана қоймай, жұбайлық махаббатты, балалардың ата-аналарын құрметтеуі, жақсы көруі, отбасылық бірлік тәрізді құндылықтарды өздері жасайды. Бала туғаннан кейін отбасы ұжымның өзге белгісін иеленеді, себебі баламен бірге отбасы жағдайында бала тәрбиелеу жөніндегі ең маңызды да жаңа азаматтық бірлескен қызмет басталады.

Сөйтіп, отбасы – бала тәрбиелеудің әлеуметтік - педагогикалық жүйесі ретінде баланың қоршаған ортада табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін қажетті қасиеттер жиынтығын қалыптастырады.

Шешім: педагогтардың үздіксіз ізденіп, өздерін жан-жақты дамытуына әдістемелік көмек көрсету.

3.Тыңдалды: Педагогтер портфолиосын ресімдеу

Сөйледі: Тәрбиеші Г.Р.Дүйсенқұлова педагог портфолиосы – педагогтардың кәсіби деңгейін көрсетуші материалдарды тіркеп жинақтау және өзінің кәсіптік қызметінің міндетін шешу қабілеті болып табылады. Педагогтың портфолиосы арнайы папкада жинақталады. Портфолио педагогтың жетістіктері, басылымға жіберілген мақалалар, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен презентациялар, өз білімін жетілдіру тақырыбы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде қолданылатын әдістер, технологиялар көрсетіледі. Портфолио жинақтаудың басты міндеті – әрбір педагог өзінің кәсіби күзіретін бағалау үшін практикалық қызметтің барынша маңызды нәтижелерін көрсету, орындалған жобалар, конкурстарға қатысу, педагогикалық жүргізген зерттеулер. Портфолио педагогтың жұмыс нәтижесін талдауға, жалпылауға, жүйелеуге, өз мүмкіндіктерін объективті түрде бағалауға және қиындықтардан шығу жолын табуға, жоғары нәтижелерге жету жолындағы іс-әрекеттерін жоспарлауға мүмкіндік береді. Папкада жинақталған толық материалдарды педагог өзінің электронды Е портфолиосына енгізіп, аттестаттаңға өтінішті Е портфолио электронды түрде жазады, - деді.

Сөйлеген:

Б.К.Серимбетова: педагогтарға портфолио жинақтауда сіздің тарапыңыздан қандай көмек көрсетілуде?

Г.Р.Дүйсенқұлова: барлық педагогтарға портфолио жинақтаудың үлгісін беріп, түсіндіріп айттым. Қазір педагогтар портфолиоларын жинақтап, дайындап қойды.

Шешім: Педагогтардың портфолиоларын толықтырып, педагогикалық кеңеске дайындау.

4.Тыңдалды: Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелігімен таныстыру

Сөйледі: әдіскер Г.Б.Ұзақбай 2021 жылдың ақпан айында мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелігі ұсынылды. Әдістемелікте кішкене өзгерістер баршылық. Мониторинг жүргізу ортаңғы топтан басталады. Аталған топта Бастапқы бақылау үшін индикаторлар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған кіші топтың күтілетін нәтижелері болып табылады (*1 қосымша*). Басқа топтар (сыныптар) үшін Бастапқы бақылаудың индикаторлары алдыңғы жас топтарының күтілетін нәтижелері (II жартыжылдық) болып табылады. Педагог баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін Бақылау парағына енгізеді. Аралық бақылау I жартыжылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды. Қорытынды бақылау II жартыжылдық соңында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді деп мониторинктегі өзгерістерге тоқталып өтті.

Шешім: тәрбиеленушілерден алынатын қорытынды мониторинг мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелін негізге алып жүргізілсін.

5. Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер Г.Б.Ұзақбай алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Наурыз айында өтетін аналар мерекесі, наурыз мерекесіне байланысты құттықтаулар, көрмелер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және наурыз, сәуір айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу парағын толтырып отыруларын және наурыз мерекесі қарсаңында өтетін тақырыптық көрмеге дайындалу. Әрбір өткізген іс-шараларды басылым беттеріне беріп отыру сіздердің портфолиоңы толықтыруларыңызға қажет,- деді.

№39 «Достық» МДҰ-ның әдіскері Г.Б.Ұзақбай

Әдістемелік кеңес №5

18 мамыр 2022 жыл

№	Қаралатын мәселелер	Өткізу формасы	Уақыты	Жауаптылар
Мамыр №5 Әдістемелік кеңес тақырыбы: Жылдық оқыту мен тәрбиелеу Жүргізілу түрі: пікірталас				
1.	№4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.			Әдіскер- Г.Б.Ұзақбай
2.	Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау			Әдіскер- Г.Б.Ұзақбай
3.	Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер			Әдіскер- Г.Б.Ұзақбай

Әдістемелік кеңес отырысы Хаттама №5

Күні: 18 мамыр 2022 жыл

Қатысқаны: 28
Қатыспағаны: -

Тақырыбы: Жылдық оқыту мен тәрбиелеу
Жүргізілу түрі: пікірталас

Күн тәртібінде:

- | | |
|---|-------------------------|
| 1. №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. | әдіскер-
Г.Б.Ұзақбай |
| 2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау | әдіскер-
Г.Б.Ұзақбай |
| 3. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер | әдіскер-
Г.Б.Ұзақбай |

1.Тыңдалды: №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйледі: Әдіскер Г.Б.Ұзақбай, педагогтар өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша портфолиоарын дайындап, педагогикалық кеңесте қорғап шықты.

Шешім: Өткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

2.Тыңдалды: Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау

Сөйледі: Әдіскер Г.Б.Ұзақбай елбасымыз Қасым Жомарт Тоқаев «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» деген болатын. Иә, елбасымыз айтқандай жас жеткіншектерді тәрбиелеу жұмысының негізі ең алдымен отбасында қаланып, сонан соң балабақшада жалғасатыны белгілі. Бүгінгі жас ұрпақ болашағының ірге тасының берік қалануы үшін, балабақшада берілетін білім мен тәрбиені дұрыс қалыптастыру өз қолымызда. Біздің басты мақсатымыз: Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру стандартының негізгі ережелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып, білім салаларында білім алу құзіреттіліктерін қалыптастыру. Сапалы білім беру жүйесінің ең алғашқы сатысы-мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу болса, баланың алғашқы құрылым институты отбасы болып саналады. Отбасы тәрбиесінің басты ерекшелігі балаға байланысты ең ерекше эмоционалық қатынасты қалыптастырады, өзіне деген сенімділігін арттырады. Ата-ананың көрсеткен үлгісі, жеке тұлғалық дамуы отбасы тәрбиесінің нәтижесіне әсер етеді, баланы жан-жақты дамыту жүйесінде балабақша мен отбасының өзара байланысын анықтайды. Тәрбиеленушілерге тәлім-тәрбие беру жолында арнаулы және

жоғары білімді педагогтар жұмыс істейді. Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысы негізінен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік» бағдарламасымен жұмыс істейді. Қазіргі уақытта 6 топ мемлекеттік тілде, 4 топ орыс тілінде жұмыс істейді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру өнегелі әдептерге үйретудегі жаңа технология әдіс-тәсілдерімен ойын түрлері арқылы жүргізілген тәрбие жұмыстары нәтижесін беруде. №39 «Достық» балабақшасы оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын жасап, бекітіп, сол бойынша біршама жұмыстар атқарды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы топтарда жүзеге асырылуда. Бес білім беру саласымен жұмыс жасау елеулі нәтижелер берді. Балабақшада соымен қатар оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, тәрбиешілерге және жас мамандарға арналған кеңестер жүргізілді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру-өнегелі әдептерге үйретуде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер мен ойын түрлері арқылы жүргізілетін тәрбие жұмыстары нәтижесін беруде. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін, танымдық қажеттіліктерін, тәрбиелеумен оқыту үрдісін ұйымдастыру іс-әрекеті барысында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануларын қамтамасыз ету, өз бетімен ізденулеріне қолдау көрсету мақсатында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары» тақырыбында пактикум-кеңес, «Баланың шығармашылық қабілетін жетілдіруде эстетикалық тәрбиенің ролы» диалог-кеңес, «Бөбекжайда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуды өздігінен білім алу жағдайында іске асыру», «Ұрпақ тәрбиесі-ел болашағы» тақырыптарында балабақша ішілік семинар өтті. Онда педагогтар өзара іс-тәжірибелерімен бөлісіп, әдістемелік көмек алды. Оқу жылында педагогикалық ұжыммен «Педагогикалық ұжымының педагогикалық ғылыми жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибелерін тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына қолдану», «Педагогтардың өздігінен кәсіби дағдыларының жүзеге асуының қалыптасуы», «Рухани жаңғырудың жарқын жолы» және «Әдістемелік жұмыстардың барысын қорытындылау» тақырыптарында педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогтар инновациялық технологиялармен, жаңа бағдарламалармен танысты. Өздерінің теориялық білімдерін жыл бойы балалардың жан-жақты дамуына мақсатты түрде бағыттап, түрлі әдіс-тәсілдерді практикалық тұрғыда қолдана білді. Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді балалардың тілдік дамыту жұмыстарында қолданып, соның нәтижесінде суреттер бойынша әңгіме құраудың, мазмұндаудың жаңа сызбасын әзірледі. 2021-2022 оқу жылында жылдық оқу жоспарына сай жұмыстар жүргізілді,- деді.

Шешім: жылдық оқу жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

3. Тыңдалды: Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер

Сөйледі: Әдіскер Г.Б.Ұзақбай келесі оқу жылында педагогтардың өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын жандандыру арқылы тәрбиеленушілерге заман

талабына сай білім мен тәрбие беру, өзіндік білім жетілдіре отырып, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып-үйрену, жаңаша білім мазмұнына сай құжаттарды толық толтыруды үйрену, тамыз кеңесіне баяндама оқитын педагогтар баяндамаларына дайындық жұмыстарын қарастырып, тақырыптарын бекітсін, - деді.

№39 «Достық» МДҰ-ның әдіскері Г.Б.Ұзақбай